

МӘСКЕУДЕГІ ЖЕҢІС ПАРАДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен Мәскеу қаласында кездесті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі аспектілерін, сондай-ақ күн тәртібіндегі бірқатар өңірлік және халықаралық мәселелерді талқылады.

Нұрсұлтан Назарбаев В.Путинді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығымен және Восточный ғарыш айлағынан алғашқы зымыран ұшырылуымен құттықтады.

Ресей Президенті Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығына арналған парадқа қатысу мақсатымен Мәскеуге келгені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс айтты.

Осыдан кейін Елбасы Қызыл алаңда өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығына арналған әскери парадқа қатысты.

Қызыл алаңда парадты ашқан Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин соғыс ардагерлері мен қатысушыларды, сондай-ақ қонақтарды Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.

Парадқа 10 мыңнан астам әскери қызметші, 135-ке жуық жауынгерлік машина, 71 ұшу аппараты қатысты.

Мәскеу астанасы орталығынан дәстүрлі түрде ондаған ұшақтар мен тікұшақтар ұшып өтті. Содан соң Ұлы Отан соғысы сарбаздарының портреттерін көтерген «Мәңгілік полк» акциясының қатысушылары жүріп өтті.

Қызыл алаңдағы әскери парадтан кейін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин «Белгісіз солдат» бейітіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

ӨШПЕС ДАҢҚ

Сенбі күні Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналған «Ерлік даңқы өшпейді» атты мерекелік шара өтті. Шара барысында өнерпаздар түрлі қойылымдар қойып, Отан қорғаушыларға құрмет көрсетті. Жеңіс туының желбірегеніне қанша уақыт өтсе де, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен батырларды дәріптеу жалғаса береді.

Сонымен қатар облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қабылдап, мерекелерімен құттықтады. Аймақ басшысы өз сөзінде олардың майдан даласында көрсеткен ерліктеріне тоқталды.

— Отанымызды қорғау — қасиетті міндет, үлкен мәртебе. Ел үшін жан аямай, кеуделеріңді окка тосып, қан кештіңіздер. Күйреген экономиканы қалыпқа келтіріп, Тәуелсіздіктің негізін қаладыңыздар. Қатары сиреп бара жатқан қарттарымыз аман болсын, — деді аймақ басшысы.

Шара барысында ардагерлерге сый-сияпат жасалып, өнерпаздар әннен шашу шашты.

ҚАРТ САРБАЗҒА ҚҰРМЕТ

Аймақ басшысы Сыр өңірінде Елбасының сындарлы саясаты нәтижесінде атқарылып жатқан шаралар жөнінде кеңінен айтып, майдангерлерге Ұлы Отан соғысы ардагеріне арналған естелік төбелгі табыстап, сый-сияпатын көрсетті.

— Ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдары адам төзгісіз қиыншылықтарды қайыспай көтеріп, елдің қорғаны болғандарыңыз үшін Сіздерге бас иеміз. Еліміздің бүгінгідей бейбіт заманда жеткен барлық жетістіктерінің артында Сіздердің еңбектеріңіз бен ерліктеріңіз тұр. Біз мұны мәңгі есте сақтаймыз және мақтан тұтамыз, — деп жылы лебізін жеткізді облыс әкімі.

Өз кезегінде ардагер ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Майдангер Мақсұт Сырғалиев 1925 жылы 8 наурызда Арал ауданында дүниеге келген. 1943 жылы Қызыл Армия қатарына қабылданып, майданға аттанған. Ресейдің Чита қаласында байланысшы мамандығын бір жыл оқиды. 1944 жылы Батыс Еуропаға соғысқа



7 мамыр күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ұлы Отан соғысының ардагері Мақсұт Сырғалиевтің шаңырағында болып, мерекеміз құттықтады. Қарт майдангердің соғыстағы ерліктері мен бейбіт жылдардағы еңбектері, сондай-ақ, ел Тәуелсіздігін нығайтуға қосқан үлесі шын мәнінде елге — мұра, ұрпаққа — өнеге.

Жөберіледі. Кейін Чита облысының Қаштак елді мекеніндегі 36-армияның 34-атқыштар дивизиясына сержанттық мектепке қабылданып, арнайы дайындықтан өтеді.

Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін 1945 жылы Маньчжурия қаласындағы шайқастарға қатысады. Сондай-ақ Харвин, Хайлар қалаларын жаулардан азат етеді. Оның ерлігі еленіп, бірнеше медальдармен наградталды.

1949 жылы елге оралған соң балық шаруашылығы саласында еңбек еткен. 1960 жылдары Арал ауданының Қасқақұл ауылдық



кенесінің депутаты болып екі қайтара сайланған. 1976 жылы Қызылорда қаласында СІМК мекемесінде қызмет атқарып, зейнетке шыққан.

Бұл күнде Мақсұт Сырғалиев — бес ұл, үш қыз, 29 немере, 11 шөбере сүйген ардақты ардагер.

Дәурен ОМАРОВ, Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.



МАЙДАНГЕР МЕРЕЙІ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қармақшы ауданына жасаған сапарында соғыс және еңбек ардагері Шәкіман Бектібайұлының шаңырағында болып, майдангерді Ұлы Жеңістің 71 жылдығымен құттықтады. Аймақ басшысы ардагердің майдан даласында көрсеткен ерлік істерінің өскелең ұрпаққа үлгі екенін жеткізіп, Ш.Бектібайұлына “Соғыс ардагері 1941-1945 жж” естелік белгісін табыстады.

ронеж, Белгород, Курск бағытындағы қиян-кескі ұрыстарда ерлік көрсетті. 1943 жылы Украинаның Сумы қаласын жаудан азат етіп, сол жылдың қыркүйек айында 5 рет жарақат алды. Елге 1944 жылы екінші топтағы мүгедек болып оралды.

Украина жерінде көрсеткен ерлігі үшін “Қызыл Жұлдыз” орденімен марапатталды. Соғыс жылдарынан кейін де елге оралып, ұзақ жылдар еңбек етті. Ол сол еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі грамотасының иегері атанды.

Майдангер құттықтап келген қонақтарға алғыс айтып, өскелең ұрпақтың бейбіт заманда өмір

сүріп жатқанына шүкір айтатынын жеткізді.

— Мереке қарсаңында арнайы құттықтап келіп, құрмет көрсеткен аймақ басшысына алғысым шексіз. Мен келер ұрпақтың бейбіт заманда өмір сүргенін көргеніме бақыттымын. Енді жалпы жер бетінде ешқандай соғыс болмасын. Еліміз аман болсын. Әрбір жан басты байлығымыз — тәуелсіздігімізді бағалап, бейбіт күннің қадірін білсе екен деймін. Жеңістің 71 жылдығы баршаңызға құтты болсын, — деді ардагер.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ, Н.НҰРЖАУБАЙ. (Сурет).

БАСПАСӨЗ – 2016

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Қазпочта» АҚ-ның тасымалдау және тарату қызметі тарифтерінің өсуіне орай, басылымдарға жазылу бағасын көтермеу мақсатында «Сыр медиа» ЖШС 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қазпочта» АҚ қызметінен толық бас тартып отыр. Осы ретте «Сыр медиа» ЖШС өзіне қарасты басылымдарға 2016 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу, жеткізу, тарату қызметтерін өз қузыретіне алатынын хабарлайды.

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттердің барлығына тек қана серіктестік өкілдері арқылы жазылу жүргізілетінін ескертеміз.

«Сыр медиа» ЖШС әкімшілігі.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12

МАМЫР
БЕЙСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№69 (19155)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Тарихтың тарам-тарам қатпарына миллиондардың қанымен, миллиондардың өшпес ерлігімен қашалған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, Жеңіс туының желбірегеніне быыл — 71 жыл.

Жеңіс күні қарсаңында «Қаһарман ұрпаққа — мың тағзым» атты митинг және ескерткішке гүл қою рәсімі өткізілді. Оған соғыс және тыл ардагерлері бастаған Сыр жұртшылығы қатысты. Іс-шараға жиналған жұртшылық алдымен қан майданнан қайтпаған боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Сонан соң облыс әкімі Қ.Көшербаев бастап ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа Сыр өңірінен 70 мың сарбаз аттанса, соның тең жартысы елге оралған жоқ. Жан жары мен ұлын зарыға күткен аналарға сұм соғыс тілдей «қара қағаз» ұстатты. Бүгінде туған елімен қауышуды тағдыр жазған қарт майдангерлердің қатары сиреп барады. Қазіргі таңда 64-нің ғана көзі тірі.

— Ұлы Отан соғысы Отаны мен тарихи әділдік үшін жан қиюға дайын қаһарман халқымызды күллі әлемге танытқан қасиетті майдан болса, Ұлы Жеңіс — Сіздердің ерліктеріңізді мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан да Ұлы Жеңіске өлшесіз үлес қосқан әрбір ардагерге кейінгі ұрпақ атынан мың мәрте алғыс айтамыз. Сіздер сияқты жеңімпаздардың ұрпағы, халықтар арасындағы достық пен бірлікті қастерлеген аға буынның жалғасы екенімізді әрдайым мақтан етеміз. Баршаның да Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын, — деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Мерекелік шарада Жасампаз жасақ шеруі өтті. Жылдағы дәстүрге сай өткізілген шеру сапында Ұлы Отан соғысында шайт болған, елге оралып қайтса болған, Семей-Невада, Чернобыль апаты, Ауған соғысы ардагерлерінің ұрпақтары, Батыр аналар, жастар болды.

Салтанатты шарада қонақтар мен соғыс және еңбек ардагерлері арнайы дайындалған шатырлардан әскер ботқасынан дәм татты.

Нағымжан САУЯЕВ.



Фото Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЖАҢА АВТОБУСТАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ

Ұлы Жеңіс мерекесі күні Қызылорда қаласына тағы 10 жаңа автобус жеткізіліп, автокөліктер қала тұрғындарының игілігіне берілді. Жалпы, «Қызылорда қаласында автобус паркін жасақтау» жобасы осыдан үш жыл бұрын дүниеге келген-ді. Сол кезде облыс әкімдігі мен «Байқоңыр» ӨКК» ұлттық компаниясы және «Еуропалық қайта құру және даму банкі» арасындағы келісімге сәйкес Қызылорда қаласына үлкен сыйымдылықтағы 100 жаңа автобус әкелу туралы меморандумға қол қойылған болатын. Алғашқы 10 автобус 2014 жылдың басында жеткізіліп, ол тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп келеді. Ал келесі 9 мамыр күні берілген су жаңа автобустар №18 бағыттағы қоғамдық көліктер қатарын толықтырды.

Мемлекет басшысының елдегі қоғамдық көліктерді отынның экологиялық таза түріне көшіруді тапсырғаны белгілі. Міне, бұл тапсырма біздің аймағымызда сәтпен жүзеге асуда. Жоғарыда аталған жоба аясында облыс орталығына ауаны ластамайтын, экологиялық таза өнім — сұйытылған табиғи газбен жүретін 20 автобус алынып отыр. Сыйымдылығы 78 жолаушыға арналған автобустар орындық саны — 45. Өзге орындар түрегеп тұруға есептелген. Айта кетейік, негізінен, аталған жаңа автобустар екі режимде — жанар-жағармаймен және сұйытылған газбен жүреді. Қазіргі таңда «Газ-Трейд» ЖШС осы автокөліктерді сұйытылған газбен жабдықтайтын арнайы газ құю бекетінің құрылысын аяқтады.

Жаңа автобустардың барлығы кешенді техникалық тексеруден өткен. Сондай-ақ, автобустарға арнайы GPS қондырғысы орнатылып, арақашықтықтың сақталуы қатаң бақыланады. Айта кетейік, жаңа қоғамдық көліктердің барлығында электронды жарнама құрылғысы мен бейнекамера бар.

Нақты кезеңде облыс орталығында 31 бағыт бойынша 700-ден



астам қоғамдық көлік жолаушы тасымалымен айналысуда. Осылайша, үлкен сыйымдылықтағы автобустар кіші сыйымдылықтағы көліктердің санын азайта беретін болады. Өйткені, жекеменшіктегі көлік иелеріне де автокөліктің жанарту, оларды заман талабына сай жабдықтау талабы қойылып отыр. Алдағы уақытта қалған жаңа автобустар жеткізіліп, халыққа қызмет көрсету аясын кеңейтетін болады.

Сара АДАЙБАЕВА, Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

● САПАР

ҰБТ: ҰТЫМДЫ НӘТИЖЕГЕ ҰҚЫПТЫ ДАЙЫНДЫҚ

Биыл аймағымыздың білім ошақтарынан 6566 түлек жаңа өмірге жолдама алады. Оның 69,6 пайызы Ұлттық бірыңғай тестке қатысып, бақтарын сынамақшы. Дүйсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Жалағаш, Сырдария аудандарына жасаған жұмыс сапары аясында тұрғындарды Жеңіс мерекесімен құттықтап, мектеп бітіруші түлектердің сынаққа дайындығын барлаумен танысты.

Биыл Жалағаш ауданы бойынша 388 бітірушінің 243-і ҰБТ-ға қатысады. Түлектер тест тапсыру үшін облыс орталығына келмей-ақ, өткен жылы ауданда құрылған №202 орта

мектептің базасындағы тестілеу орталығында сынақтан өтетін болады. Қазірдің өзінде сынама тесттер тапсырылып, қосымша дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Көрсетілген сынақ нәтижесі бойынша орташа балл 80,2 пайызды құрап отыр. Аймақ басшысымен кездесуге келгендердің басым бөлігі үздік оқушылар. Жалпы аудан бойынша «Алтын белгіге» үміткерлердің саны — 16, ал «Үздік аттестатқа» 3 бітіруші үміткер. Сабақтың тиімділігін арттыруда жалағаштық ұстаздар түрлі көрнектілік құралдар әзірлеген. Келген қонақтар үшін арнайы көрме ұйымдастырып, дайындалған бұйымдарымен таныстырды.

— Жан басына шаққанда білімге қаржы бөлуден біз республикада алғашқы аймақтардың қатарындамыз. Бұл — болашаққа салынып жатқан инвестиция. Балалардың білім алуына қазір барлық мүмкіндік жасалауда. Тек оны тиімді пайдалану керек. Өмірдегі ең алғашқы үлкен емтихан тапсырғалы отырсыздар. Шын жүректен ақ жол тілеймін! — деді түлектермен кездесуде аймақ басшысы.

Айта кету керек, жалағаштық 8 жеткіншек қазір Ресей Федерациясының гранты бойынша білім алуға. Биыл да 100-ден астам мектеп бітіруші сынақ тапсырып, нәтижесін күтіп отыр.

Осындай тағылымды кездесу Сырдария ауданындағы «Жалын» балалар лагерінде де өтті. Облыс әкімі кездесуге келген түлектердің сауалдарына жауап беріп, мамандық таңдауда жаңылмай, сынақтан сүрінбей өтулеріне тілектес екенін жеткізді.

— Түлектердің Ұлттық бірыңғай тестілеуге тыңғылықты дайындалуларына барлық

жағдай жасалуы тиіс. Оның нәтижесі міндетті түрде сұралатын болады. Себебі балалардың болашағы барлығынан маңызды. Сондықтан қазір аудандарға аралап, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарымен танысып жүрміз. Қандай да мәселені шешуде қолдау көрсетуге дайынбыз. Ал бітірушілерге айтарым, өздеріңізге сенімді болып, жақсы дайындықпен барсаңыздар тесттің еш қиындығы жоқ, — деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев.

Ауданда биыл мектепті 345 оқушы бітіреді. Оның 66,7 пайызы ҰБТ-ға қатысады деп күтілуде. Мектеп бітірушілердің 212-сі қазақ тілінде, 18-і орыс тілінде сынақ тапсыратын болады. Қыркүйек айынан бері 27 рет сынама тест алынып, орташа балл 85-ті құрап отыр.

Сырдария ауданына сапары барысында аймақ басшысы Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен кездесіп, мерекеміз құттықтады. Ардагерлерге арнайы әзірлеген естелік төбелгі табыстап, сый-сияпатын көрсетті.

Екі ауданда он бірінші сынып оқушылары арасында Бірыңғай ұлттық тест тапсырудан босатылғандар да бар. Олар халықаралық олимпиада мен ғылыми жоба жеңімпаздары және шетелдерде немесе колледждерде оқығысы келетін балалар. Жалпы айтқанда, облыс түлектері республиканың барлық аймақтары арасында ҰБТ тапсыру нәтижелері бойынша жылдан жылға жақсы көрсеткіштерге жетіп келеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, Жалағаш, Сырдария аудандары.



ҰМЫТЫЛМАС ЕРЛІК, ӨШПЕС ДАҢҚ



«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 71 жылдығына орай «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында «Ұмытылмас ерлік, өшпес даңқ» атты шара өткізді.

Мерекелік кездесуді «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев ашып, ардагерлерді мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде «Нұр Отан» партиясы ардагерлерге құрмет, олардың ерліктерін ұрпаққа паш ету мақсатында «Ардагерлерді ардақтайық» жобасының жүзеге асып жатқанын айтып, партия жобасы аясындағы атқарылып

жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

Шара барысында «Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары» атты фильмінен үзінділер көрсетіліп, ардагерлер майдан даласындағы ерліктерінен естеліктер айты. Облыстық филармония әншілері мерекелік ән айтып, партия тарапынан арнайы сыйлықтар табысталды. Тағылымды шарадан «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев ҰОС ардагері Любов Колесниктің үйіне барып, облыс әкімінің құттықтау хаты мен мерекелік төсбелгісін табыстайды.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Соғыс ардагерлеріне қандай құрмет көрсетсек те, жарасалы. Жеңіс күні қарсаңында Қызылорда қаласында тұратын ардагер Кеңесбай Қали қарияның үйінде облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы болып, мерейлі мерекесімен құттықтап, игі тілегін жеткізді.

Кеңесбай ата соғыс басталған жылы Самар-канда сарбаздар сапына қосылған. Әуелгіде әскер корпусында эскадрон фельдшері болып қызмет еткен. Мәскеу түбіндегі майданға түседі. Берлинге дейін соғыс даласын басып өтіп, Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан ардагерге Рауан Кенжеханұлы мерекелік сый-сияпат табыстайды. Өз кезегінде ардагер ақ батасын беріп, бейбіт өмір тіледі.

Н.ТАСТЕМІР.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен Жеңіс мерекесіне орай Ұлы Отан соғысына қатысқан медицина саласының соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетілді.

Игі шара алдымен ардагерлердің «Тағзым» алаңына барып, мәңгілік алауға гүл шоқтарын қоюынан басталды. Онан әрі салтанатты шара «Альбион» мейрамханасында ақ дастархан басында жалғасты. Аталған басқарма басшысы Ақмарал Әлназарова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейіпбек Шауамаханов майдангерлерді құттықтап, жылы лебізін арнады. Айта кету керек, медицина саласында бүгінде төрт майдангер бар. Олар – К.Калиев, Л.Колесник, Ш.Ахметова және Ж.Лепесов. Жиында өткен газдардың куәгерлері, карт жауынгерлер естеліктерімен бөлісіп, кейінгі толқыңға ақ тілектерін арнады.

Жалпы, соғыс жылдарында госпитальдарда 700 мың медицина қызметкері, 280 мың дәрігер, 11 мың фармацевт және 57 мың фельдшер болған. Қызылордада Қырым медициналық институтын тосқанда 5 мыңнан аса дәрігер, 17389 фельдшер оқуын бітіріп, майданға аттанған. Салтанатты жиында облысқа белгілі өнерпаздар жыр-дан шашу шашып, соғыс жылдарындағы әндерді әулетті. Ардагерлерге сый-сияпат жасалды.

Барлық БАТЫР.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесі

ӘЛЕМДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ДАМУДА ЖӘНЕ ЖЕР ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНЫЛУДА

Әрбір ел сыртқы инвестицияларды тарту үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайды



Адамның болмыс-бітімі ашылмаған сыр сандығы секілді соншалықты жұмбақ екенін көбіне-көп аңғара бермей, оған жүре келе қаныға түсетінің рас екен. Бұл енді өмір деген күрделі құбылыстың заңдылығы ма деймін. Ал сол өмірдің қатпар-қатпар сырларың тереңдеген сайын өзің үшін де, өзге үшін де ғажайып бір рухани, ізгілікке толы әлемге тап болғандай ризашылық, қанағат сезімінің шуағына бөленетінің ақиқат.

Ішкі істер органдарының әртүрлі саласында, прокуратура, қауіпсіздік органдарында жемісті қызмет істеді. Кеңес дәуірінде «Менің милициям – менің қорғаным» дейтін қанатты сөз болатын. Бұл шын мәнінде жалаң ұран емес еді. Ол кездің адамдары жоқшылық пен таршылықты сезініп өсті, жауапкершілікті өмірлік ұстанымы деп санады. Досмайыл ақсақал әріптесінің айтуынша, алғашқы қызметін қылмыстық топпен күрес жөніндегі оперативті іздестіру жұмыстарының инспекторы қызметінен бастады. Соғыстан кейінгі жылдар қылмыстық элементтермен күрестің күрделі кезеңі болатын. Арнайы құрал жабдықтап, техника жетіспейді. Халықтың тұрмысы жүдеу дегендей, оның үстіне қылмыскерлер ел тыныштығын бұзып жатса,

Жалпы, Ысқаковтар әулетінің ұрпақтар сабақтастығының дәнекері секілді ұзақ жылдардан бері жалғасын тауып келе жатқан ізгі дәстүрі бар. Ол мемлекеттік қызметте, Отан қорғау саласында болсын бұл шаңырақтан өрбіген ұлдары алдымен әке аманатына деген адалдықты аса қастерлеп, құрмет тұтады. Отбасында әке алдындағы ант Отан алдындағы серпін тең. «Отан отбасынан басталады» деген қағида Ысқаковтар әулеті үшін қастерлі ұғым. Доскеңнің әкесі Ысқақ – Ұлы Отан соғысының сұрапыл отты жылдарында қан кешкен майдангер. Сұм соғыстан аман оралды. Ерлік көрсеткендігі айғақтайтын марапаттары да өз емес. Осы әулеттің қызылғылықты тағдырына үніле отырып, мынадай

ӘКЕ АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ

НЕМЕСЕ КИЕЛІ ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАМШЫРАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ОЙ



милициядан сұраныс тым қатал болатын.

Бірде шалак мылтықпен қаруланған жас жігіттер қылмыстық топ құрып, қала тұрғындарының берекесін қашырып еді. Қылмыс жасағандар ізін жасырып, сонау Әбестің қырыңғы Самарқан қаласынан бой көрсетті. Тексерсе келгенде жалған құжаттармен қаруланып, ізін жасырған қылмыскерлер тобы анықталып, олар көп ұзамай қырқатылды. Тергеуші Досмайыл Ысқаковтың қылмыстық іздестіру саласында еңбек еткен жылдары көптеген қылмыстардың беті ашылып, киінілер тиісті жазасын алды.

Қызылордада ол кезде ішкі істер органдарында тәжірибелі мамандар жетіспейтін. Доскең көптеген әріптестері сияқты қылмыстық топпен күресті өмірдің өзінен үйренді, осылайша тәжірибе қалыптасты, бұл, сайып келгенде, осының барлығы қылмыстық іздестіру саласында жаңа толқының пайда болуына игі ықпалын тигізді. Ол қылмыстық іздестіру саласын өзінің мамандығынан, ысылған маман ретінде тәжірибе жинақтаған табиғатына тән кәсібі деп түсінген еді. Алайда ішкі істер саласында ауыс-түйіс жиі болатыны заңды құбылыс еді. Ол прокуратура органдарында заңдылықты қалағалар жүйесінде өзінің шыңдалған кәсібін жана қырынан байғайтты. Қауіпсіздік органдарында жемісті қызмет істеді. Бүгінгі көз тірі әріптестері Доскеңнің адами қасиетін жиі айтады. Әсіресе, ол кісінің Қызылордада жандан ашылған төлқұжат бөліміне басшы болып тағайындалғанда көптеген ізгілікті істердің ұйытқысы ретінде азаматтығына тәнті.

Кеңес Одағының ұшы-қиыры көк шар-тарнақа кесіліп жатқан мемлекет болғанын екінің бірі біледі. Соғыс кезіндегі аласапыран жылдары көптеген отбасылар бір-бірінен қол үзті, тағдыр оларды Одақтың түкпір-түкпіріне тарыдай шашыратып жіберген оқиғалар жиі болатын. Әкесі – баласын, жұбайы жан жарып тапқан оқиғалардың басы-қасында болған Доскеңнің көптеген адамдардың ізгі алғысына бөленгенін бүгінгі әріптестері аса бір сүйіспеншілікпен жеткізді бізге. Асынасын қол үзіп қалған бір әйел Доскеңне сонау Горький (бүгінгі Нижний Новгород) қаласынан мынадай хат жолдапты: «Сіз сияқты азаматтың болғаны қандай керемет! Біздің өмірге деген құштарлығымыз арта түсті. Аса ризашылығымызды білдіреміз. Тікелей міндетіңіз болмаса да, соншалықты азаматтық танытып, біздің отбасы мүшелерінің табысуына қолғабыс тигізгеніңіз үшін шын жүрекпен алғысымызды білдіреміз». Мұндай алғыс хаттардың бір-нешеуін Бақытбектің үйшілік мұрағатынан тапқанымызда, біз де ол кісінің шынайы болмысын танығандай болдық.

Кеңес кезінде милиция майоры Досмайыл Ысқаков Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының Жарлығымен «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталды. Бұл Кеңес жүйесінде ішкі істер органдарының ең үздік марапаты болып табылатын еді. Оған қосымша министрліктен, облыстық ішкі істер басқармасы тарапынан алған алғыстары, басқа да марапаттары қаншама?!

керемет сәйкестіктің куәсі болған жайым бар. Отбасындағы кенже ұл Қуанышбек 1985 жылы қаладағы Ғ.Мұратбаев атындағы №171 қазақ орта мектебін ойдағыдай бітірді. Ол өзге сыныптастары секілді жоғары оқу орнына түсуді армандады. Әкесі: «Балам, бағыңды сынап көр, бәлім түсіп кетерсің, бірақ айтар ақылым – алдымен кара жұмыс істеп, нанның еңбекпен қалай келетінін білгенің абзал» деп Қызылорда жиһаз фабрикасына станокшы етіп жұмысқа тұрғызды. Әскери комиссариаттан әскерге шақырту қағазы келгенде әкесі: «Оқуға түскеніңді құп көрген едім. Міне, енді әскерге шақырып жатыр. Ысқақ атаң Ұлы Отан соғысында Германия асып, соғысты Италияда аяқтады. Өзім әскерде төрт жылға жуық, інім Ишанбек және ағам Бақытбек Германияда әскери міндетін өтеп, елге абыроймен оралды. Сеген солардың жолын берсін!» деді ойлы жүзімен. Қуанышбектің әскери борышын өтеу кезеңі Ауғанстандағы сұрапыл соғыстан тұспа-тұс келді. Ол Грозный қаласында оқу-жаттығуда жүргенде Шешенстан астанасына әкесі мен анасы келіп, Доскең: «Балам, атаң да соғысқа барып аман қайтқан. Сен біріншісі және соны емесің бұл әулеттен соғысқа аттанған. Алланың өзі жар болсын» деп көз жасына еріп берген еді. Ауғанстандағы соғыстың сипаты басқалалау еді. Дұшпанның қайсы, досың кім? Анықтай алмай талай боздақтар мерт болды. Әкенің ақ батасының, киелі шаңырақтың тылсым күшінен бе Қуанышбек аласапыран соғыстан аман оралды. Еңбекте шыңдалды, жоғары білім алды. Мемлекеттік қызметтің үлкен сатыларында бүгінге дейін жемісті қызмет атқарып келеді. Өзіміз ғана білетін, естіген сырт жұрт құлағы елең ете қалатын бір сырды ашайық – елуге толмаған Қуанышбек бүгінде жеті ұл-қызға әке, яғни жұбайы Әлия – Батыр ана. Өзі әрдайым «өке» деп еркелетіп әкесінің інісі Ишанбек облысымыздың денсаулық сақтау саласында абыроймен қызмет атқарып, қазір құрметті дәлеместі.

Білетіндер Ысқаковтар әулетін мызғымайтын тәртіпке бағынған, адалдықты ту еткен, бақ қонып, кең дарыған шаңырақ деп орынды атайды. Тағы бір сәйкестікті қараныз: Біз жоғарыда әңгімеізге тиек еткен Бақытбек ұзақ жылдар облыстың өртен қорғау саласында жемісті еңбек етіп, облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысының орынбасары қызметінен зейнетке шықты. Жұбайы Гүлмира тәжірибелі заңгер, облыстық әкімшілік соттың судьясы. Екінші қызы Ұрқия, Алматы қаласында туралы, мемлекеттік қызметші. Жолдасы Азғам сонау бір жылдары арман күзді. Астана көгінде самғауды көкөген ол қазақта сирек кездесетін мамандықты таңдады. Германияда «Эйр Қазақстан» зүе компаниясының өкілі – директоры қызметін атқарды. Көп ұзамай Қазақстан Республикасы Азаматтық Авиация комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Қазақстан елшілігінің қонсулы қызметін және абыроймен атқарды. Бес тіл білетін білікті, ұқыпты, ұсынықты басшы ретінде оны кейін «Қазаронағанияда» компаниясының директорылығына тағайындады. Қазір «Эйр Астана» компаниясы директорының кеңесшісі. Досмайыл ақсақалдың тағы бір қызы – Галия облыстық денсаулық сақтау басқармасында тәжірибелі маман.

Доскеңнің жан жары Ортай ағамыз бүгінде бақуатын, тағдыр сыйлаған өмір қызығын баалайлармен бөлісіп, киелі шаңырақтың отын маздатып дегендей, сау-саламат жүріп жатыр. Шаңырақтан өрбіген ұл-қыздардың ортасында бақытты өмір қызығын көру Ағамызға тағдырдың бұйырыған сыйы деп түсіндік. Әдетте, қазақта адам қас-сылықты да, жамандықты да өз пейілінен табады деген ұғым бар. Ал біз бүгін әңгіме өзегіне айналып қалған Досмайыл ақсақал мен Ортай ағамыздың киелі шаңырағы адами құндылықтың інжу-маржандарынан сарқылмайтын қазына жинаған пейілі кең жандардың мекені.

Ол бақытты, құтты мекен.

Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



МЕЙІРБИКЕЛЕР КҮНІ

ЫСТЫҚ АМАҚАН

Ана мен бала денсаулығын қырық жылға жуық қорғаған Рахима Аруханқызы мыңнан астам сәбдідің кіндік шешесі болыпты. Ауылдағы №13 мектепті тәмамдаған соң 1978 жылы Қызылорда медколледжін бітірген. Содан өзі туып-өскен «Қармақшы» ауылындағы балалар босанатын үйде отыз жылдан астам еңбек етсе керек. 2012 жылы отбасы жағдайымен Қызылордаға қоныс аударып, қаладағы №1 емханада еңбек жолын жалғастырыпты. Жуырда ұжым мүшелері салтанатпен зейнетке шығарғанын тігелте әңгімелейді. Құшағы гүлге толған, ықыласы лөбідер жауғанын тауыса алмай тебіренеді. Қазір қадірменді еке немерелер ортасында алпысқа қарай жол тартып барады.



қыскасы, 200-дей малшылар ауылы тағы бар. Шалғайдағы 220 шақырым «Тышқан тамындағы» малшылар қонысына бірде трактормен, бірде ұшақпен суыт ұшады. Ой отарды аралаған сәтте батпақ жолда талай қиындық көріп, әртен жеткені есінен кетпейді. Сырқаттың біріне ем жасайды, күні жеткен босанар ананы ажал құрсауынан құтқарып, көз ілмей босандырып, кіндік шеше атанар сәттегі Рахиманың сәл-пәл қиындықтан сейліп, талай қуанығны бар. Бір кезде ауылда бас дәрігер болған Аманкелді, Құлшайалар Рахиманың төзімділігіне, ыждағатты ісіне әркез риза болып, алғыс жаудығаны естен кетпейді. Рахима қарлы боран, аптапты ыстыққа сыр бермей қияндағы малшыларға талай жол тартатыны ер азаматқа бергісіз еңбек еді, – дейді сол кездегі бас дәрігер Аманкелді Суханбердиев екі сөзінің бірінде. Бірде Рахима Алматы пойызымен Қызылордаға жол тартып келе жатқанды. Кенет вагон күнесіндегі бір келіншекті толғақ қысты. Жолсерік бүкіл пойызды

шарлап дәрігер іздеп сарсылды. Сол сәтте келесі вагоннан фельдшер-акушер Рахима Аруханқызы шыға келіп, толғатқан ананы босандырып, сәбдің кіндігін кесіп, құндақтағанда, әлгі ананың рахмет жаудырып, қуаныштан жас төгіткені азынше жыр. Ауылдағы Төтай әулетіндегі тоғыз әйгілілері Сәрсенбек атты жігіт сымбатты Рахимаға жиі-жиі көз қырын салып жүретін-ді. Сыйластығы жарасып, отау құрлы, үлкен ағасы Орынбек пен зайыбы Гүлнәр дүркіретіп той өткізді. Ұмытылмас сәби сүю қуанышы да болды. Қазір Алмасбек, Жандос, Мәлдір бұлардан тараған немере қызығы басталды. Қызылорда вагон депосында Алмасбек, Жандос – білікті мамандар, қызы Мәлдір – Астанда банк. Әулеттің үрім-бұтағы жапырақ жайып келеді.

Бір ауылда «Қармақшы» ауылының тұрғындары Рахима Аруханқызын әлі күнге аузынан тастамайды. Ұл-қыз ержіпті, Қызылордаға қоныс аударуға тура келді. Ауылдастар қимастықпен қоштасты. Рахима Қызылордамен орталығындағы №1 емханаға медбике, ал ер Сәрсенбек мұнайшы болып орналасты. Жақында қуанышты тағы бір хабарға қанықтық. Қырық жылға жуық еңбек еткен медбикені Қызылордалағы №1 емхана ұжымы зейнеткерлікке салтанатпен шығарып салды, сый-сияпат жасалды. Гүл шоқтары қарша жауды. Еңбегіне сай алғыс, мақтау қағаздары, медальдары тағы да тілге тиек болды, бірге еңбек еткендер шынайы ықылас төкті. «Әжелер сайынды» бас жүлде алғанын тамылжыта айтыпты. Зейнеткер немерелері Баласау, Айым, Зере, Ұлзаладардың ортасында еке атының, думанды сөттерді қуанышпен өткізіп жатқанын шаттана әңгімелейді.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, ардагер журналист.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті 120014, Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі №18 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 29-56-26, 29-56-24, факс 8(7242) 29-56-27, төмендегі көрсетілген бес лауазымдарына конкурс жариялайды.

Орта басшы құрамы бойынша:

- Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің Техникалық қызмет басқармасының инженері - 1 бірлік;
- Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің жылдам қимылдайтын арнайы жасағының көсіби даярлық тобының инспектор-психологы/келіссөз жасаушы/- 1 бірлік;
- Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторы - 3 бірлік;
- Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторының көмекшісі - 1 бірлік;
- Арал ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторы - 3 бірлік;
- Қармақшы ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторы - 1 бірлік;
- Қармақшы ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция тобының көмекшісі жасақ тоғамандардың істері жөніндегі ұчаскелік полиция инспекторы - 1 бірлік;
- Жалағаш ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторы - 4 бірлік;
- Сырдария ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторы - 5 бірлік;
- Сырдария ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция тобының көмекшісі жасақ тоғамандардың істері жөніндегі ұчаскелік полиция инспекторы - 1 бірлік;
- Сырдария ауданы Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторының көмекшісі - 1 бірлік;
- ҚР ІІМ Байқоңыр қаласы Әкімдігінің жергілікті полиция қызметінің криминалды полиция бөлімінің жедел уәкілі - 1 бірлік;
- ҚР ІІМ Байқоңыр қаласы Әкімдігінің көші-қон полиция тобының инспекторы - 1 бірлік.

Қатардағы кіші басшы құрамы бойынша:

- Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция ротасының полицейі - 9 бірлік;
- Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция батальонының полицейі - 9 бірлік;
- Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция батальонының полицейі-жүргізушісі - 7 бірлік;

-Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция батальонының полицейі-кинологы - 4 бірлік;

-ҚР ІІМ Байқоңыр қаласы Әкімдігінің жол-патрульдік полиция тобының полицейі - 1 бірлік;

-Арал, Қармақшы, Жалағаш және Шіелі ауданы Ішкі істер бөлімдерінің ақпараттық-аналитикалық тобының есеп жөніндегі техникті - 1 бірлік.

Конкурс қатысушысына қойылатын негізгі талаптар:

Орта басшы құрамы лауазымына: білімі жоғары-заңгер, жоғары-педагогикалық және жоғары-техникалық/программист/, жасы 35-ке дейінгі, бойы 1 метр 70 см. төмен болмауы. Сонымен қатар міндетті түрде Қарулы Күштер қатарында болған азаматтар қатарына алады.

Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің жылдам қимылдайтын арнайы жасағының көсіби даярлық тобының инспектор-психологы/келіссөз жасаушы/ лауазымына жасы 35 жасқа толмаған, жоғары психолог мамандығын бітірген және күрес пен атысқан жауынгерлік түрлері бойынша спорттық біліктілік разрядтарының міндетті болуы тиіс.

Қатардағы кіші басшы құрамы лауазымына: білімі жалпы орта немесе кәсіптік орта білім, жасы 25-тен аспаған, жол патрульдік полиция батальонының полицейі, полицей-жүргізушісі және полиция-кинологы лауазымдарына бойы 1 метр 75 см. төмен болмауы, міндетті түрде «В.С.» автокөлік жүргізу құқықтері болуы тиіс, міндетті түрде Қарулы Күштер қатарында болған, ақпараттық-аналитикалық тобының есеп жөніндегі техникті лауазымына бойы 1 метр 70 см. төмен болмауы, орта немесе жоғары техникалық/ программист/ мамандығын бітірген, Қарулы Күштер қатарында болған азаматтар қатарына алады.

Конкурсқа өтініш білдіргін азаматтар төмендегі көрсетілген кезеңдерден өтеді:

- Медициналық және психофизиологиялық куәландырудан жеке полиграфиялогтың зерттеуінен;
- Заннағаны білуге тәстілеуден;
- Денешынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсыру;
- Конкурс өткізуші комиссиясымен әңгімелесу;
- Азаматтар конкурста қатысушы шығындарын (конкурс өтетін жерге келу және тұрғын үй жайын жалдау, тұру) өздерінің жеке қаражаты есебінен жүргізуден.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 15 жұмыс күн аралығында тапсырылуы тиіс.

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі №18, Қызылорда облысы ІІД, Қалд жұмысы басқармасының байланыс телефондары: 8/7242- 29-56-26, 29-56-24.

Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің конкурстық комиссиясы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Жумагулова Сараштың атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Жетіқол ауылы, А.Исабекова №9 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-023-003, №0109018), заң бойынша мұраға құқық туралы куәлігі (№2-15 22.02.2002 ж.), техпаспортының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

Ахметов Жомарттың атына Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі бүй 24 пәтерге берілген Қызылорда қаласы әкімінің шешімі (№001 03.05.1999 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

